

Тіркелген бірыңғай салық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсанда N 243-48 шешімі. Алматы облысы Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2010 жылдың 30 желтоқсанда N 2-2-113 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 60-247 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 05.02.2016 № 60-247 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422-бабының 2-тармағына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қапшағай аумағында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық ставкаларын қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың қала экономикасы және бюджеті жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Қапшағай қалалық мәслихатының 2009 жылғы 05 қазандағы "Тіркелген бірыңғай салық ставкаларын бекіту туралы" № 163-30 шешімінің (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 12 қарашада № 2-2-95 нөмірмен тіркелген, "Нұрлы өлке" газетінің 2009 жылғы 16 қарашадағы 45 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп саналсын.

4. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиісті.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихаттың
хатшысы

Сагитдинов Р.Ф

Ахметтаев К.Н.

Қапшағай қалалық мәслихатының
2010 жылғы 22 желтоқсандағы
"Тіркелген бірыңғай салық
ставкаларын бекіту туралы
№ 243-48 шешіміне қосымша

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	6

3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	25
5	Карт	5
6	Бильярд үстелі	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК